

Қазақстан Коммунистік партиясы

111 ОМ

Қазақстан Коммунистік партиясы

ҚКП

Басшысы

[Ғазиз Алдамжаров](#)

Құрылған жылы

[1936 жыл](#)

Таралған жылы

[4 қыркүйек 2015 жыл](#)

Штаб-пәтері

Астана қаласы

Идеологиясы

[марксизм-ленинизм](#)

Интернационалы

КПК - КОКП

Мүшелер саны

54,246

- Қазақстан Коммунистік партиясы Партияның бірінші хатшысы - Алдамжаров Ғазиз Қамашұлы. Партия 1998 жылғы 27 тамызда тіркелген, 2003 жылғы 20 наурызда қайта тіркелді. ҚКП мүшелерінің саны 54 246 адамды құрайды. Республиканың барлық облыстарында партияның өз бөлімшелері бар.

ҚКП мүшелері, негізінен,


соғыс және еңбек ардагерлері,

жұмысшылар,


зейнеткерлер болып
табылады.

Партия
өзінің
негізгі
мақсаттар
ы:

- республикада ғылыми социализмнің қағидаттарына негізделген, еркіндік және әлеуметтік әділеттілік қоғамын құру үшін жағдайлар жасау;
- коммунистік қоғамдық құрылыс құру деп есептейді.



2004 жылы өткен Мәжіліс сайлауына Қазақстанның коммунистік партиясы партиялық тізім бойынша 3,44% дауыс жинаған «Коммунистердің халықтық оппозициялық одағы және ҚДТ» сайлау блогының құрамында қатысты. 2007 жылы Мәжіліске сайлауға Қазақстан Коммунистік партиясы қатысқан жоқ.



Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін ҚКП 1991 ж. 7 қыркүйекте кезектен тыс өткізілген соңғы съезінде өзін-өзі таратты. Партияны Қазақстан Соц. партиясы деп атау туралы шешіммен келіспеген делегаттар партияның 1991 ж. қазандағы 19 съезінде партия атын қайта жаңғыртты. Съезде ҚКП-ның жарғысы мен бағдарламасы қабылданып, тең төрағалары болып Д.Кішібеков пен Л.Корольков сайланды. 1994 ж. 22 қазанда өткен 22 съезде партияның 1-хатшысы болып Б.Төлепбаев сайланды. 1996 жылғы сәуір айынан бастап партияның 1-хатшысы – С.Әбділдин. ҚКП 1994 ж. 28 ақпанда ҚР Әділет мин-нде тіркелген, 1997 ж. 17 ақпанда қайта тіркеуден өткен. Партия республикада бостандық пен әлеум. әділетті қоғам құруға, парламенттік басқару үлгісін жүзеге асыруға ықпал ету үшін күреседі.

Жоғары органы – съезд

- басшы атқарушы органы –
ОК
- жұмысшы органы – ОК
бюросы


- Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі мен заң қызметін ұйымдастыру департаменті мәліметінше, партияны жабу туралы Алматы қалалық ауданаралық-экономикалық сотының шешімі 2015 жылдың 4 қыркүйегінен бастап күшіне енді. Осылай Қазақстан коммунистік партиясы қызметін тоқтатты.

ҚКП-ның баспасөз органы – “Рабочая жизнь” апталығы мен “Коммунист” газеті шығып тұрды, 2000 ж. қарашадан бастап “Правда Казахстана” газеті шығады.

Қазақстанның 11 обл. және Астана мен Алматы қ-ларында өкілдіктері жұмыс істейді. Екінші сайланған Парламент Мәжілісіне ҚКП-дан партиялық тізім бойынша екі депутат сайланды. Бір мандатты сайлау округінен сайланған бірнеше парламент депутаты ҚКП-ның және депутаттық топтың құрамына енген.

ҚР-ның 2002 ж. 15 шілдеде қабылданған “Саяси партиялар туралы” Заңына сәйкес, ҚКП 2003 ж. 20 наурызда ҚР Әділет мин-нде қайта тіркеуден өтті. Партияның 60 мыңнан астам мүшесі бар.

Қазақстан Коммунистік партиясы Қазақстан Коммунистік Халықтық партиясымен бірігетіні туралы биылғы жылдың 25 наурызында екі партия баспасөз-мәслихатын өткізген болатын. Алайда, арада шамамен екі ай өткеннен кейін, Қазақстан Коммунистік Халықтық партиясының төрағасы Владислав Косарев өздерінің бұл қадамға бармайтындықтарын мәлімдеді.



Ал Қазақстан Коммунистік Партиясы биылғы маусым айының 16-сы күні өзінің кезекті сиезін өткізіп, онда партияның құрылғандығының 70 жылдығын атап өтпек.